

2022-2023 оқу жылы бойынша оқу- тәрбие жұмыстарына талдау

Атауы: Ақтоғай ауданының білім бөлімінің «Қ.Ыдырысов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Мекенжайы: Әуелбек ауылы, Мир көшесі 5 үй

E-mail: sshimkidrisova@mail.ru

Мектеп мәселесі:

Инновациялық, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың жеке, шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін зерделеу, тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау.

Мектептің мақсаты:

оқу – тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды енгізу негізінде бәсекеге қабілетті, білімі терең, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Міндеті:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын негізге ала отырып, мемлекеттік білім стандартында көрсетілген міндетті базалы білімді әрбір оқушыныңының меңгеруін қамтамасыз ету.
- Инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың танымдылық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттіктерін дамытуға жағдай жасау.
- Оқытуды оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы бағдарламалар құру, ғылыми әдеби оқулықты пайдалану, дидактикалық материалдармен оқу әдістемелік кешен құру;
- Білім беру бағытының жекеленуін нақтылау (жаңа ақпараттық технологиялар);
- Білім мазмұнын жаңарту (вариативтік, тереңдетіліп оқытылатын қосымша пәндер енгізу);
- Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау, нығайту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған мектеп жұмысын жетілдіру;
- Әр оқушының білім деңгейін көтеруге шығармашылық қабілеті мен мүмкіндігін жүзеге асыруға негізделген диагностика жүйесін жетілдіру;
- 9- сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға, мамандық таңдауға байланысты дайындық жұмыстарының әдіс-тәсілдерді жетілдіру;
- Ғылыми-практикалық және жобалық жұмысты жалғастыру, оқушылардың интеллектуалдық, логикалық ойлау дамуының жаңа формаларын құру және қолданысқа енгізу;
- Дарынды оқушыларды педагогикалық–психологиялық сүйемелдеу, қолдау жұмыстарын жүргізу арқылы «Дарынды мектеп оқушының моделіне» сай тұлғаны қалыптастыру.
- Оқушылардың құзіреттілігін бақылау деңгейін жеке портфолио арқылы жетілдіру;

Мектепте 1–10-шы сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылады. Оқу тілі – аралас.

Мектеп мына режиммен жұмыс істеді: мектепалды, 1–4 және 5–9 негізгі мектеп, 10-жалпы білім беру сыныптары. Сабақтың басталуы: 1 ауысым – 08:30. Сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бір күндік және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен айқындалады. Мектепалды сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 35 аптаны, 1-ші сыныптарда – 35 аптаны, 2–10-шы сыныптарда 36 аптаны

құрайды. **Оқушылар контингенті:** 2022/2023 оқу жылының басында мектепте 90 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында – 104, оның ішіндегі Мектепалды сыныбы- 8 оқушы;
1–4 сыныптар – 28 оқушы;
5–9 сыныптар –61 оқушы;
10–сыныпта –7 оқушы.

2022/2023 оқу жылындағы жинақ сынып саны – 13.

Сыныптардың орташа толымдылығы:

1–4 сыныпта 5-6 оқушыдан;

5–9 сыныпта 9-10 оқушыдан;

10– сыныпта 7 оқушы.

Мектептің материалдық-техникалық базасы: оқу кабинеттері – 19;

Лингафонды - мультимедиялық кабинет – 1

медицина кабинеті – 1

асхана – 1

кітапхана – 1

спорт залы – 1

Мектептің білім беру қызметі:

1. Білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері

Жыл	Жылдың аяғындағы оқушы саны	Оқу озаты	Екпінділер	Үлгерім сапасы %	Білім сапасы %	Үлгермеушілер	Үздік бітіргендер
							9- сынып
2022-2023	86	18	34	100	60,47	-	3

2. Оқушылардың қалалық (аудандық, облыстық, республикалық) пән олимпиадаларына қатысуын талдау

Оқу жылы	Сынып	Орыс тілі мен әдеб (аудандық)		Гуманитарлық (облыстық)		Құқық негіздері (аудандық)		Биология (аудандық)	
		Балалар саны	Иеленген орны	Балалар саны	Иеленген орны	Балалар саны	Иеленген орны	Балалар саны	Иеленген орны
2022-2023	8-10	1	3	1	2	1	3	1	3

3. Жалпы мұғалімдердің сапалық құрамына талдау

Мектеп педагогтерінің саны 27 адамды құрайды, оның ішіндегі 25 -жоғары педагогикалық білімі бар, 2 - арнаулы орта педагогикалық білімі бар.

Педагогтер біліктілігі:

«Педагог-шебер» біліктілік санаты	«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты	«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«Педагог-модератор» біліктілік санаты	«Жоғары» біліктілік санаты	«Бірінші» біліктілік санаты	«Екінші» біліктілік санаты	Педагог
0	7	1	7	2	1	1	8

Педагогикалық өтілі

3 жылға дейін	3-тен 15 жылға дейін	16-дан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
4	8	3	12

Мұғалімдердің жас құрамы

	25 жасқа дейін	25-29	30-34	35-39	40-44	45-49	50-54	55-59	59 жастан жоғары
Мұғалімдер	3	1	5	2	4	1	2	4	5

Жас және жаңадан келген педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру үшін директордың бұйрығымен тәлімгерлер тағайындалды.

№	Жас маман аты-жөні	Пәні	Тәлімгердің аты-жөні
1	Қамариден Әлима Бектемірқызы	Ағылшын пәнінің мұғалімі	Кенжебаева Зауреш Кайырбаевна
2	Нығыманова Толғанай Қайратқызы	Математика пәнінің мұғалімі	Сманова Кунсулу Оркеновна
3	Тугаева Ляззат Каиргельдиновна	Бастауыш сынып мұғалімі	Сабитова Майра Каримовна

Ұлттық құрамы бойынша 2022-2023 оқу жылы - Қазақ 27 (100%).

Пән бойынша мұғалімдердің біліктілік деңгейі 2022-2023 оқу жылы

Пәндер	Барлығы	Жоғары	I	II	Зерттеуші	Сарапшы	Модератор	Педагог
Қазақ тілі мен әдебиеті	2				2			
Орыс тілі мен әдебиеті	1						1	
Ағылшын тілі	2						1	1
Математика	4	1					1	2
Тарих	2				1		1	
Биология	1				1			
География	1				1			
Физика	1							1
Химия	1							1
Информатика	1						1	
Дене шынықтыру	3	1					1	1
Көркем еңбек	0							
Музыка	0							
АӘД	1							1
Бастауыш	6		1		1		2	2
МАД	1							1
Құқық негіздері	1					1		
Педагог-психолог	1			1				
Барлығы	27	2	1	1	7	1	7	8

4. Педагог мамандар жұмысына талдау.

Мектебімізде пәндер бойынша 4 әдістемелік бірлестігі жұмыс жасады.

р/с	Пән бірлестіктері	Саны	Бірлестік жетекшілері	Пән бірлестіктерінің жылдық атқарған жұмыстарына мониторинг

1	Гуманитарлық пәндер бірлестігі	8	Бушумбаева Д.М	6-16 наурыз аралығында пәндер онкүндігі өткізілді
2	Жаратылыстану- математика бірлестігі	9	Жумагулова С.Т	13-20 ақпан аралығында онкүндік барысында ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар, коучингтер өткізді
3	Бастауыш сынып ӘБ	6	Ельчинбекова Ж.А	3-13 сәуір аралығында пәндер онкүндігі өткізілді
4	Дене шынықтыру, көркем еңбек, АӘД пәндік бірлестігі	4	Асыллов А.Т	24-06 мамыр аралығында ашық сабақтар, сыныптан тыс іс- шаралар өткізілді

Біліктілігін арттыру курсынан өткен мұғалімдер

2022-2023 оқу жылы

Жалпы мұғалім саны	Қысқа мерзімді курстан «Өрлеу»	Сынып жетекші курс	Жаңартылған бағдарлама «Өрлеу» ПШО	«UStudy» Цифрлық сауаттылық	Мектеп директоры	Жалпы саны
27	5	0	0	0	1	6

Аттестациядан өткен мұғалімдер

Барлық мұғалім саны	Жалпы саны	«Педагог-зерттеуші»		«Педагог-сарапшы»		«Педагог- модератор»	
		беру	растау	беру	растау	беру	растау
2022-2023 оқу жылы	10		1	2		7	

9-10 сыныптар арасындағы олимпиада жеңімпаздары

№	Аты- жөні	Сынып	Пәні	Орын	Жетекшілері
1	Канашева А	9	Биология	3 орын	Жумагулова С.Т
2	Кожегельдин М	9	Құқық негіздері	3 орын	Тусупова М.Т

3	Файзулла А	10	Орыс тілі мен әдебиеті	3 орын	Кожегельдина З.Ж
4	Файзулла Ақбота	10	Гуманитарлық пәндер олимпиадасы	2 орын	Сипанова Б.С

Қ.Ыдырысов орта мектебінің оқушыларының жетістіктері

	Оқушының аты жөні	Сынып	Сайыстың атауы	Марапаты	Жетекшісі
1	Серік Аяжан	6 «А»	Республикалық балалар оқулары	Құрмет грамотасы	Кенжебаева З.Қ.
2	Файзулла Ақбота	10 «А»	«Менің кіші Отаным» республикалық интеллектуалдық конкурс	Диплом II дәрежелі	Бушумбаева Д.М
3	Файзулла Ақбота	10 «А»	«Ұлт ұстазы» аудандық дебат турнирі	Номинация «Ең білімді ойыншы»	Касымова Ж.М.
4	Кожаметова Айтжамал	8 «А»	«Менің Отаным-Қазақстан» аймақтық XXII оқушылар ғылыми тәжірибелік конференциясы	Диплом I дәрежелі	Сманова К.О
5	Ерқанат Алихан	3 «А»	«Бақытты балалық шақ» көркемсурет байқауы	Гран при	Кенжебаева А.Р.
6	Бектемір Жансая	7 «А»	«Бақытты балалық шақ» көркемсурет байқауы	II орын	Жумагулова С.Т.
7	Жұмажан Айгерім	9 «А»	«Бақытты балалық шақ» көркемсурет байқауы	III орын	Жумагулова С.Т.
8	Кожегельдин Медет	9 «Б»	Конкурс эссе «Жемқорлықсыз балалық шақ»	I орын	Кожегельдина З.Ж.
9	Буркутбаева Даян	2 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасына	III дәрежелі диплом	Ельчинбекова Ж.А
10	Ерқанат Алихан	3 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасына	III дәрежелі диплом	Кенжебаева А.Р
11	Жайықбай Рауан	3 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасына	III дәрежелі диплом	Кенжебаева А.Р
12	Канашева Амина.	4 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасына	III дәрежелі диплом	Маканалиева К.Т

13	Чекалкин Мирон	4 «Б»	областной олимпиаде по математике	3- место	Касенова Д.А
14	Емуранова Лейла	2 «Б»	интеллектуальная олимпиада «Ақбота	2- место	Касенова Д.А
15	Кожегельдин Мадияр –	3 «Б»	олимпиада «Алтын сака»	2- место	Касенова Д.А
16	Зинлқобиден Ханшайым	7 «А»	«Кенгуру- математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсы	1-орын	Аитимова Р.К
17	Кожаметова Айтжамал	8 «А»	«Кенгуру- математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсының	1-орын	Сейтенова А.К
18	Кожегельдин Медет	9 «Б»	«Кенгуру- математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсының	2- орын	Каримова А.Ш
19	Байсеитова Малика	7 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3- орын	Аитимова Р.К
20	Жайықбай Салтанат	7 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3- орын	Аитимова Р.К
21	Тлен Гүлім	8 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3- орын	Аитимова Р.К
22	Солтанова Аружан	8 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3- орын	Аитимова Р.К
23	Қазбек Халима	8 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3- орын	Аитимова Р.К
24	Хамитов Амир	6 «Б»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	1-орын	Аитимова Р.К
25	Бектемір Жансая	7 «А»	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы	3- орын	Аитимова Р.К

5. Ақпараттандыру жөніндегі жұмысқа талдау

Қазіргі білім берудің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін мазмұны мен формаларында айтарлықтай өзгерістер ғана емес, сонымен қатар ең озық технологиялар мен оқыту құралдары қажет. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін инновациялық педагогикалық технологияларды, оның ішінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану қажет. Мұғалімдер сабақта дербес компьютерлерді белсенді қолданады, сонымен қатар көптеген мұғалімдер интернетті пайдаланады және интернетті қолдана отырып сабақтар өткізеді. Соңғы жылдары біздің мектеп мұғалімдерінің компьютерлік шеберлігі әлдеқайда артып, 100% жетті. Білім беру процесінде

пайдаланылатын ДК саны-66. Интернетке қосылған және қолданылатын компьютерлер саны: 5+18+6+6+16+2+3+3+4.

Біздің мектепте ақпараттандыру жұмыстары келесі бағыттар бойынша жалғастырылады:

- kundelik.kz Интернет ғаламдық желісін пайдалана отырып, электрондық қызметтерді ұсыну. ата-аналар мен заңды өкілдерге арналған (электрондық сынып журналы және оқушының электрондық күнделігі);

- мектеп сайты idrisov.aktogay.edu.kz нормативтік талаптарына сәйкес дамыту, "мұғалім - ата-ана-оқушы" бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру, мектеп сайтында мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің сынып сайттары мен беттерін жүргізу;

- білім беру процесінде лицензиялық бағдарламаларды пайдалануды қамтамасыз ету;

- білім беру үдерісінде инновациялық (оның ішінде ақпараттық) технологияларды және заманауи жабдықтарды пайдалану саласында мұғалімдерді әдістемелік және техникалық қолдау.

Пән мұғалімдері интернет ресурстарын қолдана отырып, компьютерлік сабақтар, презентациялар, тесттер, кроссвордтар жасайды, интерактивті тақтаны белсенді пайдаланады.

Мектеп сайтында оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушылары үшін маңызды ақпарат, үнемі жаңартылып отыратын жаңалықтар, ресми ақпарат бар, виртуалды қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Біздің дәстүрлі іс – шараларымыз туралы фотосуреттер-галереясы, оқу процесіне қатысты ақпарат, қорытынды аттестация, сабақтан тыс жұмыстар, оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктері және тағы басқалар оқушылар мен ата-аналарды мектептің жан-жақты өмірінің барлық аспектілері туралы хабардар етуге шақырады және оларды тікелей қатысуға шақырады.

7. Педагог- психологтың жұмысына талдау

Мақсаты: Психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

2022-2023 оқу жылының жылдық жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығын көрсетеді.


Қыркүйек айы мен желтоқсан айы аралығында мектебіміздің бастауыш буынымен атқарылған бірқатар жұмыстар легі мынадай: Бастауыш сыныптарға сабақ беретін сынып жетекшілерге сауалнама мен тренингтер жүргізіліп, олардың сабақ үдерісінде оқушыларға жүргізілетін ес және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған психокоррекциялық жаттығулар ұсынылды. Бірінші сынып үлгерімі төмен оқушылармен түрлі психологиялық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.

1 «а», 2 «а», 3 «а», 4 «а» сыныптарына психологиядан балалардың отбасымен, қоршаған ортамен, туыстарымен, ата-анасымен қарым-қатынасының қандай екендігін анықтау мақсатында «Отбасы суреті», және «Әлемде жоқ жануар» проективті сурет әдістемесі қолданылып, жүргізілді. Оқушыларға қаншалықты көңіл бөлінетіндігі мен қамқорлықтың, ата-ана тәрпынан зейіннің қажет ететіндігі анықталды.


Мектебіміздің бірінші сынып оқушыларының ата-аналарынан баланың сабағына зейін аударуы мен үй тапсырмасын орындау барысында кездесетін қиыншылықтарды анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліді. Ұстаздары мен ата-аналарға ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Сонымен қатар 1-4 сыныптар аралығында таным процестерін анықтауға арналған тесттер алынып, нәтижесі шығарылды, нәтижесі төмен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді.

1"а" сынып көріп есте сақтау деңгейінің нәтижесі




4"а" сынып естіп есте сақтау деңгейінің нәтижесі




Ал 3-ші сыныппен оқушылардың мектепке, оқу үдерісіне бейімделуіне байланысты Лусканованың «Оқу мотивациясы» әдістемесі жүргізіліп, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне ұсыныстар тапсырылды. Оқуға деген түрткісі анықталып, пайыздық көрсеткіштермен нәтижесі шығарылды.

3"а" сынып оқу мотивация деңгейінің нәтижесі




Сонымен қатар 1-4 сыныптар аралығында өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған «Баспалдақ» әдістемесі алынып, нәтижесі шығарылды, өзін-өзі бағалауы төмен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді.

1"а" сынып өзін-өзі бағалау деңгейінің нәтижесі



4"а" сынып өзін-өзі бағалау деңгейінің нәтижесі



Апта аралықтарында бастауыш сыныптардың сабақ үдерістеріне қатысып және сабақтан тыс психологиялық бақылаулар жүргізілді.


Ал, орта буынға жүргізілген жұмыстар легіне келер болсақ, 5, 6, 7, 8 -ші сынып оқушыларының темперамент типін анықтау мақсатында тест жүргізілді. Сынып оқушыларының нәтижесінде тыныш немесе шулы болып отыратындығы олардың мінез-құлықтарының әр түрлі тұрақты және тұрақсыз болып келетіндігімен түсіндіріледі.

Оқу үдерісі басталып 1 ай өткеннен кейін 5-ші сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі кездесетін қиындықтарын анықтау мақсатында оқушылардан сауалнама алынып, анықтамасы шығарылды. Ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар 5-8 – ші сыныптар арасында таным процестеріне сауалнамалар алынып, нәтижесі шығарылып, нәтижесі төмен оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді. Интернет қауіпсіздігін, лудоманияның алдын алу мақсатында "Интернет және Мен" тақырыбында дәріс өткізіліп, сауалнама алынды.

Орта буын оқушыларының сыныптағы көңіл-күйлерін анықтау мен сергіту мақсатында түрлі жаттығулар жүргізіп отырылды. Олармен тікелей неге қызығушылықтары бар екендігі, мектепте тағы қандай қосымша іс-шаралар өткендігін қалайтындығы туралы сауал-сұрақтар қойылды нәтижесі шығарылып, пікір алмасулар жүргізілді. Сонымен қатар суицидтің алдын алу мақсатында 8-9 сынып оқушыларымен «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, деструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бағдарламасы бойынша сауалнама алынып, дәріс оқылып, кітапшалар таратылды.


Жетінші сынып оқушыларының мінез-құлық типін анықтау үшін Айзенк сауалнамасы әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде 10%-сангвиник, 50%- флегматик, 10%-меланхолик, 30%- холерик екендігі анықталды.



Жоғары буын оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тренингі суицидті алдын-алу мақсатында жүргізілді. Қатысқан 9 «а» сынып оқушылары, нәтижесінде балалардың бойлары серігіп, түрлі өмірге деген, жанындағы досына деген жағымды пікір алмасулар болып кері процесс жүрді. Ұсыныс ретінде сабақ барысында сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері қарым- қатынасқа көбірек түсуі түсіндірілді. Сонымен қатар суицидтің алдын алуына байланысты 1-ші мен 4-ші сыныптар арасында «Мен өмірді сүйемін» тақырыбына суреттер салынды.

Сонымен қатар 9-шы 10-ші сыныптар арасында көптеген сауаламалар алынды: «Социометрия» әдісі, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған тест, Қобалжуды анықтауға арналған филиппс тесті, Басса-Даркидің агрессия деңгейін анықтауға арналған тест, таным процесстерін анықтауға арналған тест, осы алынған тесттер мен сауалнамалардың нәтижелері шығарылып, нәтижесі төмен көрсеткішті көрсеткен оқушылармен жұмыс жасалынды.

9"а" сынып агрессия деңгейінің нәтижесі



Мектебімізде «Қыздар клубы» ұйымдастырылған. Жетекшісі Кенжебаева А.Р., 2023 жылдың сәуір айында сынып жетекшілермен біріге отырып «Қызым, саған айтам ...» тақырыбымен 16 қыз балаға дөңгелек үстел өткізілді. Қыздарға аналық тәрбиенің мәнін ұғындыру, қыз баланың өзін мектеп қабырғасында ұстай білуі, қыздардың қазіргі таңда мәртебесі қандай деген сұрақтардың мәнін ашып, оқушыларға жеткізу мақсатында жүзеге асырылды. Мектебіміздің түлегі болатын 9 «а» сынып оқушыларына қорытынды аттестацияға байланысты «Талапкерге құлақ- қағыс» дәрісі өткізілді. Мұнда «мамандық таңдағанда неге көңіл бөлу керек?, Қазіргі кезде қандай мамандық мәртебелі?, Бейіміне қарай мамандық таңдау қажет, мамандық таңдаудағы қателіктер» деген тақырыпшалар төңірегінде ақпарат алмасу жүргізілді.

Оқушыларға сабақ үдерісінде психологиялық жағымды қолдау көрсетіп отыру ұсынылды. Биылғы жылы мектепшілік есепке тіркелген оқушылар жоқ. Дегенмен де мектебіміздің жоғарғы сыныптың ұлдарымен құқық бұзудан сақтану жөнінде ескертпелер, әртүрлі жағдайда өзін-өзі ұстау, әдептілік, қазіргі заман талабы туралы пікірлестік. Болашақта осы оқушылар құқық бұзушылыққа қатыспайды деп сенім артамыз. Жанұя жағдайы нашар оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді.

Ата-аналармен де көптеген жұмыстар жүргізілді: ата-аналарға арналған анкета, сауалнама, «Сіз қандай ата-анасыз?» тест, «Өз балаңызды сіз білесіз ба?» тесті және ата-аналармен көптеген тренингтік жаттығулар мен ойындар жүргізілді. Топтың ішінде ата-аналармен қарым-қатынас тренингі жүргізілді және де ата-аналар жиналысына қатысып, оқушыларға қатысты мәселелер туралы айтылды. Мектеп - ата-ана байланысын жақсарту

мен оқушылардың ата-аналарымен байланысы, қарым- қатынасын анықтау мақсатында мектебімізде ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында мектеп оқушыларының ата-аналарына сауаланама жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Мектеп ұжымымен де әдістемелер, тесттер, сауалнамалар алынып және де ұжымды біріктіруге, көңіл-күйді көтеруге арналған әр түрлі психологиялық тренингтік жаттығулар мен ойындар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылының жылдық есебін қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар легі жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді.

8. Мектеп кітапханасының жұмысына талдау

Оқушылардың жеке басын қалыптастыра отырып, рухани дүниесін кеңейту, ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету, кітап оқуға деген мұқтаждығын қалыптастыру мақсатында мектеп кітапханасында «Кітап оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспарланған іс-шаралар өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/Cj96kEpL1kN/?igshid=MTg0ZDhmNDA=>



«Қазақстан. Страна Великой степи. Независимость» атты кітап көрмесінде оқушылар еліміздің тәуелсіздікке жету тарихымен танысты. Ұлы Даланың сан-қилы тұстарын білді.

<https://www.instagram.com/reel/Cj9ryDMoxD3/?igshid=MTg0ZDhmNDA=>

«Қадірлі Қазақстан – Отан Ана» атты челлендждің мақсаты – өз Отанымыздың, еліміздің



– жеріміздің байлығын, экономикасын таныта білу, әрбір оқушының еліне, жеріне сүйіспеншілікпен қарап, оны қорғай білуге, патриоттық ұғымдарды қалыптастыру, тереңдете түсу. Челленджге 10 «а» сынып оқушысы Файзулла Ақбота қатысып, кең түрде мәлімет берді.



<https://www.instagram.com/p/Ck2qr43KIEk/?igshid=MTg0ZDhmNDA=>

«Үздік оқырман отбасы» байқауына Ельчинбековтар отбасы қатысып, мұнда да оқуға құштарлықтарын одан әрі жетілдіре түсу, қызығушылықтарын артта білуді мақсаттарын алға қойды.



<https://www.instagram.com/reel/Ck2U-E2Kj95/?igshid=MTg0ZDhmNDA=>

«Үздік оқырман отбасы» байқауының негізгі мақсаты – жалпы кітап оқудың барлық ерекшеліктерін қарастырып, келешекте үзбей жалғастыра беру. Ахметовтар отбасы жетістікке жетіп, келешек ұрпаққа үлкен үлгі-өнеге қалдырды.



<https://www.instagram.com/p/CkZ103nl M /?igshid=MTg0ZDhmNDA=>

«Ертегілер әлемінде» іс-шарасының мақсаты – балалардың ертегілер еліне саяхат жасап, өздеріне ұнайтын ертегіні сомдау; Кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне тоқталып, өмірмен байланыстыру

<https://www.instagram.com/p/CmL9FG-l3bo/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

«Тәуелсіздік - тұғырым» көрмесінде оқушыларға еліміздің жан-жақты дамып келе жатқаны, отанымыздың тарихы көрсетілді. Оқушылар әр түрлі кітаптармен танысып, қызығушылық танытты. Кітап көрмесінің негігі мақсаты орындалды.

<https://www.instagram.com/p/CmitGi6okAQ/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



«Үздік оқырман» бенефис сайысының мақсаты – оқушылардың шығармашылық оқуларын таза, мәнерлеп оқып беруіне аса назар аудару. Сайыс барысында аталған критерийлерге сай баға беру жүргізілді. Сайысқа қатысушылар өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетіп қана қоймай, бар ынталарын көрсетті. Сайыс соңында қатысушыларға алғыс хаттар беріліп марапаттау рәсімі өтті.



https://www.instagram.com/p/Cmiw_2boXKn/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==



«Үзіліс кезінде кітап оқу» іс-шарасының мақсаты – балалардың өздері оқыған кітаптарымен бөлісіп, онда не жайлы оқығандарын естіп, сол кітаптан алған керекті қандай іс-әрекет, т.б. қасиеттерін анықтау. Ой-өрістерін кеңейту, тіл байлықтарын арттыру.

<https://www.instagram.com/p/CsddR6sobhE/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

«Ең үздік оқырман сынып» атты іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру, кітапқа деген қызығушылық көзқарастарын дамыту.



<https://www.instagram.com/p/CsddR6sobhE/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

«Балалар журналы» күнінің мақсаты – балаларға арналған журналдарға шолу жасап, оқыған шығармаларының қандай нәтижеге жеткізетінін анықтап білу. «Балдырған журналы күні» өте тартымды, қызықты өтті.

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша тәрбие жұмыстарына есеп

«Қ.Ыдырысов атындағы ОЖББМ» КММ тәрбие жұмысы ҚР БҒМ 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227бұйрықпен бекітілген "Тәрбиенің тұжырым-дамалық негіздері" бағдарламасына негізделген. «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру» тақырыбында мектептің тәрбие жұмыстары бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылды. Әр сыныпқа оқу жылының басында мектеп бойынша бұйрықпен сынып жетекшісі бекітілді. Сынып жетекшілерінің әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысын үйлестіру, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, мектепте Инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау және енгізу мақсатында ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысты үйлестіретін сынып жетекшілерінің ӘБ жұмыс істейді.

Тәрбие процесінің мақсаты-оқуда ғана емес, өмірде де белсенді өмірлік ұстанымы бар, өзіне мақсат қоюға, оқу және өмірлік міндеттерді шешуге және өз әрекеттерінің нәтижесіне жауап беруге қабілетті адамды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін педагогикалық процесс бала мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетін ескере отырып құрылды. Оқу және тәрбие қызметі ынтымақтастық пен өзара түсіністік қағидаттарына негізделіп келесі **міндеттерді** көздеді:

1. Балалардың зияткерлік және шығармашылық қызметінің әртүрлі салаларында дарынды балалардың қарым-қатынасын, өзара іс-қимылын және одан әрі дамуын қолдау үшін жағдайлар жасау.
2. Балаларды тәрбиелеудегі отбасының рөлін күшейту және ата-аналарды оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға тарту.
3. Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау.
4. Әр оқушының жеке басының өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау.
5. Білім алушылардың бойында азаматтық-патриоттық сананы, Қазақстан азаматының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру
6. Адамгершілік және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.
7. Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетіне жағдай жасау, баланың табыстылығын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша білім беруді дамыту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру.

8. Білім беру процесіне қатысушыларды әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту.

9. Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру құралы ретінде мектептегі өзін-өзі басқарумен жұмысты жетілдіру.

Мектепте тәрбие қызметін жүзеге асыру үшін тәрбие процесіне қатысушылардың ережелері мен міндеттерін регламенттейтін мынадай негізгі нормативтік-құқықтық құжаттар негіз болып табылады: "Мектеп жарғысы", "Ата-аналар комитеті туралы ереже", "Білім алушылардың мектеп формасы мен сыртқы келбеті туралы ереже", "Сынып жетекшілер туралы ереже", "Жас Ұлан" балалар-жасөспірімдер ұйымы туралы ереже, "Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес туралы ереже", "Мектепшілік бақылауға қою туралы ереже", "Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібі".

Мектептің тәрбие жұмысы сынып жетекшілерінің ӘБ жұмысы, оқушылардың өзін-өзі басқару органдары (жоғары сынып оқушылары кеңесі), психологиялық-әлеуметтік қызметтің жұмысы, Сынып жетекшілерінің жоспарлары, мектептің өзін-өзі басқару жұмыс жоспары, үйірмелер мен секциялардың жұмыс жоспары арқылы жүзеге асырылады.

Мектептің әр оқушысы мүмкіндігінше мектептің жалпы істеріне енгізілді, сынып жетекшілері оқушылардың жеке ерекшеліктеріне, өткізілетін іс-шаралардың ерекшеліктері мен жағдайларына қарай тәрбие жұмысын құрды. Мектепте дәстүрлі түрде жалпы мектептік сипаттағы істер жүйесі сақталады. Олар мектеп өмірінің құрылымында маңызды орын алады, дәстүрлерді нығайтады, қосымша ақпарат береді, оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытады, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырады.

Тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүргізіліп, жиналыстар, мұғалімдер кеңестері, психологиялық-педагогикалық семинарлар, тренингтер, сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі арқылы ғылыми-әдістемелік негізде формалар мен әдістер таңдалды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, практикалық жаттығулар мен рөлдік ойындар, диспуттар мен пікірталастар, қызықты адамдармен акциялар мен кездесулер сияқты студенттермен жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды. Мектепте оқу-тәрбие және сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке басының өзін-өзі танытуына жағдай жасалып, үйірмелер, спорттық секциялар, жобалық іс-шаралар жүргізілді.

мектеп ұжымы оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі әдістері мен формаларын пайдалана отырып, жоспарланған жоспарларды жүзеге асырды, мысалы: жобалық іс-шаралар, тақырыптық іс-шаралар, тәрбие сағаттары, қызықты адамдармен кездесулер, экскурсиялар, жарыстар, балалармен және ата-аналармен жеке әңгімелесу, т.б.

Барлық дәстүрлі мектеп істері жалпымектептік, сыныптық және топтық болып бөлінді.

Дәстүрлі мектеп істеріне келетін болсақ, олардың барлығы сәтті болды, олар:

«1 қыркүйек білім күні»

Денсаулық фестивалімен аяқталатын «Спорт апталығы». «Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің онкүндігі»

«Мұғалімдер күні»

«Қарттар күні»

«Рухани келісім күні»

«Қамқоршылар күні»

«Күз мерекесі»

«СПИД күні»

«Қазақстан Республикасы күні»

«Тәуелсіздік күні»

«Жаңа жылдық таңғы қойылымдар», «Жаңа жылдық бал»

«Ауғанстаннан әскерлердің шығарылған күні»

«Төтенше жағдайлардан балаларды қорғау күні» (өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша)

«8 наурыз – халықаралық әйелдер күні»

«Наурыз»

«Құстар күні»

Жол-көлік жарақаттары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу айлықтары

«Қазақстан Республикасы халқының бірлігі күні»

«Отан қорғаушылар күні»

«Жеңіс күні»

«Үздік студенттер кездесуі»

«Отбасы күні»

«Соңғы қоңырау»

Ағымдағы оқу жылында **«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша** 1 қыркүйек – Білім күніне арналған 1-11 сынып оқушыларымен «Сыңғырла, күміс қоңырау» мерекесі өтті, «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» Республикалық сынып сағаты, **«Отбасым – бақыт мекенім»** атты отбасы күніне онкүндік, «Туған жер» бағдарламасы бойынша мұражайларда, мәдени ұйым салаларында, тарихи ғимараттарда сыныптан тыс жұмыстар өткізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша 1 қазан – қарттар күніне орай **«Қарттарым- асыл қазынам»** мерекесіне арналған сынып сағаттары мен қатар еректілер жасағы тарапынан ауыл ардагерлеріне көмек көрсітілді. Ұстаздар күні мерекесіне орай **«Ұстаз бақыты- шәкіртінде»** мерекесі ұйымдастырылып мектеп ұстаздарына концерттік қойылым өткізілді. «Қарттарым – асыл қазынам» акциясы бойынша Асылбекова Б.Г., Жидкова Л.А-ға көмек көрсетілді. «Алғыс – айту парызым» атты Алғыс айту күні мектепке іс-шаралар ұйымдастырылды. Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір — қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін – келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақстан халқы тілдер мерекесінің бекітілген жоспары бойынша мектебімізде іс-шаралар ұйымдастырылды. «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай «Ана өмірдің шуағы», «Арулар-асыл жандар» бейне-құттықтама, 1-4 сыныптарда «Ана – өмірдің қуанышы, тірегі» 5-10 сыныптарда «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша келесі іс –шаралар өтті: «Сіз өз балаңыз жайлы не білесіз?» атты сауалнама жұмысы, «Бала құқығы-адам құқығы» айлық, 20қараша Дүниежүзілік балалар күніне орай «Балалық шақты бірге қорғайық» сынып сағаттары, «Менің болашақ өмірім» -тренинг, «Өмір, қымбатсын сен маған!» сынып сағаты, «Өмірге «ИЯ» деп айт», «Өмір- баға жетпес сый» сынып сағаты өткізіліп балалар арасында суицидтің адын –алу жұмыс жоспары іске асырылды. «Отбасы күніне» орай республикалық акциясы аясында «Отбасы – қоғамның алтын дінгегі» сыныптардың ата-аналар жиналысы» атты тақырыбында « Отбасым –мақтанышым», « Отбасым – менің шағын Отаным» атты бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша келесі іс –шаралар өтті: «Біз тазалықты қолдаймыз» атты әр жұма күні сыныптарда тазалық жұмыстары, . «Табиғат – асыл қазына» тақырыбында суреттер панорамасын өткізді. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында **«Менің анамның мамандығы», «Әкемнің кәсібі»** кездесу сынып сағаттары **«Мамандықты дұрыс таңдау – табысты өмірдің кілті»** тақырыбында тренингі, «Тазалық Weekend» апталығы өткізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие мақсатын жүзеге асыру барысында келесі іс-шаралар ұйымдастырылды : жыл бойы өнер мектебі, Оқушылар сарайы, Білім Басқармасы т.б. өткізетін конкурстарға қатысып жүлделі орындарға ие

болдык, оқушылардың қызығушылығы бойынша үйірмелердің жұмысы, өзін-өзі басқару ұйымының мектепшілік клуб топтарының құрылуы. Қыркүйек - қазан айларында «Үш тұғырлы тіл» полиглот сайысы, «Алтын күз» балы сынып жетекшілер, тәлімгер, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілінің мұғалімдері ұымдастырды. «Өзін -өзі тану: Махаббат пен қызығушылық» дәстүрлі онкүндік жоспары аясында оқушыларға мерекелік көңіл-күй тудыруды ұйымдастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, азаматтық ұстанымын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында әр түрлі тренингтар, сайыстар, кездесулер өтті. Қазақстан халқы 1 мамыр ынтымақ пен бірлік күні. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымаққа тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы.

